



Әл-Фараби жылына тарту

Алматыда Халықаралық Абай клубы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Әлем халықтары әдебиеті институты әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай 15 томдық таңдамалы шығармалар жинағын жарыққа шығарды. Оның жетеуі–қазақ, жетеуі–орыс, қалған біреуі–ағылшын тілінде жарық көрген.

Профсоюз работников КазНУ им. аль-Фараби «Парасат» провел ежегодную отчетную конференцию.

КОНФЕРЕНЦИЯ ПРОФСОЮЗА «ПАРАСАТ»

Рассказывая о работе в 2019 году, председатель профсоюза Т.К. Мекебаев особенно подчеркнул, что решение задач, стоящих перед профсоюзами, стало возможным благодаря укреплению организационного единства, стабильности кадрового состава, развитию информационных ресурсов, уровню взаимодействия профсоюзных организаций подразделений университета с профсоюзом «Парасат» работников КазНУ

Сегодня на учете в профсоюзе находится 4 396 человека, в том числе 183 ветерана. Они объединены в 32 структурных подразделения. На конференции были названы лучшие профорги.

Профсоюз «Парасат» работников КазНУ им. Аль-Фараби в 2019 году систематизировал профсоюзную деятельность по двум направлениям: обеспечение роста профсоюзного членства, предполагающего, что в университете не будет работников, лишённых возможности представлять свои интересы, цивилизованно защищать свои права, максимально использовать механизмы профессионального роста, оздоровления и отдыха, материальной и социальной поддержки, предоставляемые Профсоюзом. Второе направление – чёткое планирование системной работы на основе выделения приоритетных задач и последовательное исполнение намеченного. Все это стало возможным благодаря поддержке руководства КазНУ во главе с ректором Г.К. Мутановым.

Продолжение на 2 стр.

В фокусе ВНИМАНИЯ

На заседании ректората в центре внимания были вопросы, посвященные празднованию 1150-летнего юбилея Абу Насра аль-Фараби.

С докладом о запуске Года Аль-Фараби выступила проректор по социальному развитию Шолпан Джаманбалаева. Спикер рассказала о том, как прошел старт юбилейных мероприятий, о презентации Центра Аль-Фараби и запуске сайта <http://al-farabi.kaznu.kz> на трех языках, работе по созданию Международного Центра фарабиеведов. Шолпан Ерболовна подробно остановилась на цели и направлениях запланированного к запуску онлайн-журнала по принципу «Невидимый колледж» (Invisible College) и организации конференции TedExTalks и других мероприятиях, запланированных в рамках празднования юбилея Аль-Фараби.

Продолжение на 2 стр.



Кітапты шығару жұмысы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы тарапынан қолдау тапқан. Жинақ 5000 мың данамен Алматыдағы «Полиграмфкомбинат» ЖШС-де басылып шықты.

Кітап қазақ және орыс тілдерінде «Қайырымды қала», «Философиялық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Музыка туралы үлкен кітап», «Ғылым туралы кітап», «Ой-сана туралы кітап», «Ұстаздың оралуы» және ағылшын тілінде «Virtuous city» атты жинақтардан құралған.

Жинақтың бірінші томында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркі әлемінің көрнекті мәдени ескерткіші» атты мақаласы жарияланған. Мақалада: «Орта ғасырлардағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі–

Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелді. 2020 жылы ұлы философ, ғұлама ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде Қазақстанда әлем халықтарымен бірге атап өтпекпіз. Әл-Фарабидей ерекше тұлға туралы, оның дүниежүзілік мәдениетке қалдырған мұрасы туралы кеңінен толғап келісті ойлар айтар кез келді деп ойлаймын. Әл-Фараби өз дәуірінің де, мына ХХІ ғасыр санатына да жататынын қазақ халқы құрметпен атайды. Осыған орай, дәл бүгін әл-Фараби трактаттарын шет елдердің басты тілдеріне озық ойлы аудармашылары арқылы аударту басты міндетіміз»,–деп атап өтеді.

Таңдамалы шығармалар жинағында ред-коллегия жұмысында Қырымбек Көшербаев (төраға), Роллан Сейсенбаев (жауапты хатшы), Ақтоты Сырғақбаева, Асхат Аймағамбетов, Ғалымқайыр Мұтанов, Ақмарал Сырғақбаева, Жақыпбек Алтаев және тағы да басқа танымал тұлғалар болған. Кітапқа Қазақстанның айтулы суретшілері Н. Бубэ мен А. Ақанаев еңбектері пайдаланылған.

Жалғасы 2-бетте



Продолжение. Начало на 1 стр.

Председатель напомнил, что 13 апреля 2019г. в КазНУ состоялось подписание нового Коллективного договора между работодателем и трудовым коллективом.

В КазНУ этот важный трехсторонний документ заключается на каждые три года и неизменно содержит принципы неукоснительного соблюдения трудового законодательства республики, социальной ответственности исполнительной власти, работодателей и работников, взаимного уважения и максимально возможного достижения компромисса их интересов. Подписанию коллективного договора предшествовало его подробное обсуждение во всех подразделениях.

Каждому подразделению выдаются талоны на льготное питание. В профкоме создана комиссия по проверке работы столовых и буфетов. Ведется работа по организации на территории КазНУ охраняемых автостоянок, по определению скидок за учебу детям, чьи родители работают в КазНУ.

Среди культурно-массовых мероприятий особенно были выделены спартакиада «Здоровье», «Неделя чистоты», конкурс «Лучшая юрта». Как всегда, резонансным был конкурс «Лучший по профессии-2019» среди вспомогательного персонала университета.

Постоянно ведется работа с детьми работников университета. В День защиты детей прошли мероприятия на военной кафедре, во Дворце студентов, в биологическом музее и научной библиотеке. Перед 1 сентября 211 будущих первоклассников получили портфели, тетради, ручки, карандаши, пеналы, краски и фломастеры. На Новый год ребята посетили спектакль «Приключения супергероев».

Важное место в социальной политике членов профсоюзного комитета профсоюза «Парасат» занимает организация летнего оздоровительного отдыха. Выделялись места в СОЛ на Иссык-Куле, дотировались путевки в санатории, проводились туры выходного дня.

РЕКТОРАТ

Продолжение. Начало на 1 стр.

В свою очередь «План мероприятий КазНУ по подготовке и проведению 1150-летнего юбилея Абу Насра аль-Фараби» представил проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабул Рамазанов. В своем докладе спикер сделал акцент на вопросах организации международных научно-практических конференций, посвященных наследию Аль-Фараби, представил список ученых, опубликовавших статьи по исследованию трудов ученого (база данных Scopus), организации серии Science Talks и запуске на базе КазНУ нано-технологической долины Al-Farabi.

О географии международной экспедиции «По следам Аль-Фараби» и запланированных в рамках экспедиции мероприятиях рассказал проректор по интернационализации и коммерциализации Мехмет Арслан.

На заседании ректората также выступила директор Центра по стратегическому развитию Гульшарат Минажева. Доклад спикера был посвящен мероприятиям по повышению стратегических показателей кафедр и факультетов. В ранжировании кафедр были приняты во внимание итоги индикативного плана за прошлое полугодие. Отметив успехи кафедр-

КОНФЕРЕНЦИЯ ПРОФСОЮЗА «ПАРАСАТ»



Все делегаты конференции высоко оценили работу профкома. Оценку профсоюзной работе дали Б.Б.Карибаев – заведующий кафедрой истории Казахстана, Ж.М. Мусульманова – библиотекарь менеджер, М. Оспанбаева – ведущий специалист кафедры физвоспитания и спорта, Е.Б. Аякешов – преподаватель факультета филологии и мировых языков, М.К. Кожабергенова – ведущий специалист медицинского факультета.

Председатель ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз «Парасат» обучающихся и работников образовательных учреждений и научно-инновационных организаций» Д.Ж. Жанатаев не только дал высокую оценку работы нашего профсоюза, но и вручил Т.К. Мекебаеву медаль «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қайраткер» от Территориального объединения профсоюзов «Алматинский союз профсоюзов».

И.о первого проректора М.М.Буркитбаев, давая оценку деятельности профсоюза, отметил, что благодаря профсоюзу в университете

поддерживается благоприятный морально-психологический климат и решаются многие острые вопросы. На данном этапе развития высшего образования профсоюзная работа в рамках университета приобретает первостепенное значение. Создать здоровый моральный климат, укрепить стабильность трудовых отношений в условиях вуза, осуществлять юридическую и правовую помощь – основные задачи в сплочении коллектива.

Только в таком коллективе, где профсоюз и администрация заинтересованы в создании хороших условий труда для сотрудников, они будут чувствовать себя комфортно и уверенно.

Девиз современного вузовского профсоюза формируется согласно концепции слышащего государства, провозглашенной Президентом Казахстана К. Токаевым: Сильный профсоюз – слышащий профсоюз!

Соб. корр.

В фокусе ВНИМАНИЯ



лидеров, спикер подробно остановилась на группе отстающих по трем направлениям: УМР, НИР и СВР (учебно-методической, научно-исследовательской и социально-воспитательной работе).

Во время обсуждения итогов ранжирования кафедр ректор КазНУ академик Галым Мутанов задал вопросы заведующим кафедр,

выясняя причины отставания по вышеуказанным показателям. В связи со стратегическими задачами, стоящими перед университетом, Галым Мутанов потребовал принять меры по повышению показателей, усилить работу с экспертами, публикационную активность, социально-воспитательную работу.

Соб. корр.

KAZNU.KZ

12-13 fevralá 2020 goda v Kazhskom nacionalnom ýniversitete imeni al-Farabi proidet 50-á mejdýnarodnaia náychno-metodicheskaja konferensia «Covremennaja interpretatsia pedagogicheskoi koncepsii al-Farabi v ýsloviah sífrovizasi obrazovaniá».

Konferensia prohodit v ramkah prazdnovaniá 1150-go ýubileia al-Farabi. Aktýalnost tematiki konferensii ishodit iz tvorcheskogo nasledia myslitelá, kotoroe proniknyto ideiam gýmanizatsii i demokratizatsii obshestva pýtem ýlýchsheniá ego sredstvami vospitaniá i obrazovaniá, poetomy orientirovka na pedagogicheskie i metodicheskie osnovy ego koncepsii sozvýchna sovremennym trebovaniám.

V preddverii konferensii na fakúltetah ýniversiteta proshli vstrechi s rabotodatelámi po razrabotke modeli vypýsknika po obrazovatelnyh programam (na osnove missii ýniversiteta, NRK, ORK, professionalnyh standartov).

Na plenarnom zasedanii, master-klassah, seksionnyh zasedaniáh, krýglyh stoláh, diskýssionnyh ploshadkah fakúltetah ýniversiteta ýchastniki konferensii obsýdat: model kompetensii vypýsknika výza v sovremennyh ýsloviah; prófil kompetensii prepodavatelá výza v ýsloviah sífrovizasi obrazovaniá; sistemy obýcheniá i attestatsii prepodavatelei výza; mehanizmy motivatsii pedagogicheskoi detatelnosti prepodavatelei výza; novye informatsionnye tehnologii v obrazovatelnom prosese; novye formy vzaimodeistviá srednego i vysshego obrazovaniá v podgotovke kadrov.

QazUÝ-da Túrksoi kafedrasynyń 1-3 kýrs stýdentterine «TÚRKSOI» halyqaralyq uıymy atynan shákirtaqy tabystaý rásimi ótti.

Marapattaý rásiminde «TÚRKSOI» halyqaralyq uıymynyń bas hatshysy Qaseinov Dúisen myrzanyń atynan uıymnyń Qazaqstan Respýblikasynndaǵy ókili Asqar Turǵanbai sóz alyp, TÚRKSOI halyqaralyq uıymynyń 2015 jýldan beri QazUÝ-dyń senimdi seriktesi bolyp tabylatyndyǵyn jáne bylǵy oqý jylynda Túrksoi kafedrasynyń úzdik oqıtyn stýdentterine jalpy sommasy 1 mln. teńge kóleminde shákirtaqy usynylǵanyn aıtty.

Qazirgi jahandany zamanynda Túrk halyqtarynyń birligi men olardyń arasynda tarihimádeni sabaqtastyqtyń damýyna sińirip jatqan eńbegi jáne ýniversitetpen udaiy baılanysta bolyp, stýdentterdi yntalandyry maqsatynnda arнай shákirtaqy taǵaıyndaǵany úshin QazUÝ rektory Galym Mutanov ýniversitet uıymy atynan TÚRKSOI halyqaralyq uıymyna alǵys bildirdi.

Shákirtaqy iegeri atangan Toiboldy Algerim, «TÚRKSOI» halyqaralyq uıymy men ýniversitettiń jastardyń sapaly bilim alýyna bergen múmkindikterine sheksiz rızashylyq bildirip, ustazdardyń ózderine arsqan senimin aqtaп, jaqsy maman iesi bolatyndyǵyna sóz berdi.

Qыр Shygýs kafedrasynyń koreitany bóliminde korei tilin tereńdetip oqıtý boıynsha onlain kýrstarynyń granttyq jobasy iske asyrylyda. Granttyq joba Koreia qory (The Korea Foundation) men Sýkmóng qyzdar ýniversitetiniń (Sookmyung Women's University) qarjylai qoldaýymen júzege asyrylyda. Sýkmóng ýniversiteti halyqaralyq oqý ornynyń mártebesin rastaityn IEQAS (International Education Quality Assurance System) sertifikatynyń iegeri. Onlain kýrstar Sýkmóng ýniversitetiniń baǵdarlamasy negizinde jasalǵan, video leksialardy osy ýniversitetiń profesoralary júrgizedi. Oqıtýshylar quramy korei tiliniń lngvistikasyn oqıtýga mamandanan PhD doktorlary men magistrlerinen turady.

Atalǵan kýrs bir semestr boıy aptasyna 3 akademialyq saǵattan oqytylady. Oqý baǵdarlamasy óte tanaqty oilastyrylyp qurastyrylǵandyqtan, kýrsty basynan aıaǵyna dein muqat tyńdap zerdeley usynylady. «Sheteldikterge arnalǵan korei tili (1 deńgei)» onlain kýrsy seisenbi kúnderi, «Sheteldikterge arnalǵan korei tili (2 deńgei)» onlain kýrsy juma kúnderi ótkizilýde. Onlain kýrsty koreitany bóliminiń 50-den astam 1-2 kýrs stýdentteri tyńdaıda. Kýrs aiaqталғаннан кейін аталған pándер stýdentterdiń transkriptine engiziledi.

12-13 fevrala sostoitsya konferentsia na temu «Sovremennaja interpretatsia pedagogicheskoi koncepsii al-Farabi v usloviah sífrovizatsii obrazovaniá»

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы акционерлік қоғамы ұйымдастырған «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшу жағдайында ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру» атты курсын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы тыңдаған онлайн вебинар түріндегі сабақтар Нұр-Сұлтан қаласында аудиторлық дәріспен жалғасын тапты.

«Өрлеу» БАҰО АҚ ҚР ББЖҚ БАРИ-дің тренерлері филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нұргүл Алдабек, аға оқытушы Сандуғаш Көмекова курстың бағдарламасын мазмұнды ұйымдастыра білуімен қатар сабақ сайын әртүрлі әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Латын графикасына көшу – тілдің табиғатын сақтау. Демек, тілдің қызметін терең түсіне отырып, тіліміздің әуені мен әуезін жаңғыртуды көздейтін жаңа әліпбиді халыққа тиімді әрі оңай жолмен жеткізу. Курстың бірінші күнінен бастап, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі мен жазылымдағы көзшалымдық атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп ұсынған 107 параграфтан тұратын жаңа емле ережелерін басшылыққа ала отырып, жаңа әліпбиді келешекте көпшілікке үйретуде, оқылым мен жазылымдағы көзшалымдық қолдағдыларын қалыптастыруда «Топтық жұмыс», «Балық қаңқасы», «Баспалдақ», «SWOT талдау», «SinkVein» және т.б. инновациялық әдістерді тиімді

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРДЫ



пайдалану мәселелері қарастырылды. Жазу емлесіне байланысты ойлар жан-жақты талданып, курс тыңдаушыларының кәсіби құзіреттілігін арттыра түсті.

Курс барысында пікірталас тудырған өзекті мәселелер: таңбалардағы ұқсас келетін дыбыстар, қосар дыбыстар, шеттілдік, кірме сөздердің жазылу емлесіне байланысты екіұшты ережелер, тасымалдауға қатысты ойлары жан-жақты талданып, курс қатысушыларының латын қарпіне деген қызығушылығын арттыра түсті.

Курс тыңдаушылары «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшу жағдайында ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру» курсының жоғарғы деңгейде өтуіне басшылық етіп отырған ҚР Білім және ғылым министрлігіне, «ЖОО кейінгі білім беру» департаментіне, «Өрлеу» БАҰО акционерлік қоғамына алғыс білдіреді.

Осы орайда тұтас Қазақстан қоғамында резонанс тудырып, тілдік саясат, тілдік жоспарлау мәселелерінің оңтайлы шешімі ретінде бірауыздан мақұлданып отырған жаңа әліпбиді жалпы халыққа насихаттап, уақыт жағынан ұтымды меңгертудегі өз оқытушыларының рөлін терең түсініп, «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтындағы әдіскерлермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік тудырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлына, университеттің оқу-әдістемелік бөлімі басшылығына, филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлына, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Баянжанқызына алғысымыз шексіз!

**А. ТАУСОҒАРОВА, ф.ғ.к., доцент,
С. БЕКТЕМИРОВА, ф.ғ.к., доцент м.а.**

«ӘЛ-ФАРАБИ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ

Биыл ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ТМД, алыс және жақын шетел және еліміздің 11-12 сынып оқушылары арасында халықаралық «Әл-Фараби» олимпиадасы басталды.

2020 жылдың 21 қаңтарынан бастап «Әл-Фараби» олимпиадасына тіркелу және байқау тестілеу өтуде. Олимпиада үш кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезең On-line режимінде www.kaznu.kz сілтемесі бойынша <http://online-test.kaznu.kz> сайтында өтеді. Олимпиаданың үшінші кезеңінде жеңімпаздар ҚР БҒМ-нің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады, бұл жоғары оқу орнына түсу кезінде артықшылық құқығын береді, сондай-ақ ҚазҰУ-дың ішкі грантына ие болады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің шетелдік талапкерлері үшін университетке түсу емтихандарынан босатылып, ішкі грантты иеленуге мүмкіндік береді.

Олимпиада қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 13 жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізіледі. Қазақстандық оқушылар үшін I кезең 17-18 ақпан аралығында, ал II кезең – 4 наурыз күні онлайн режимінде өткізіледі. Шетелдік оқушылар үшін I кезең 2020 жылдың 19 ақпанында өтеді.

II кезең 4-наурызда барлық мемлекетте, бір уақытта онлайн режимінде өтеді. Қазақстандық оқушылар үшін III кезең 2020 жылдың 2-3 сәуірінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да басталады.

Шетел оқушылары үшін III кезең аңгімелесу түрінде 27 наурызда өтеді. Толық ақпаратты біздің сайтымыздан «Оқуға түсушілерге» бөлімінен біле аласыздар.

kaznu.kz

Жалғасы. Басы 1-бетте

Әл-Фараби жылына тарту

ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азулай: «Шығыстың ұлы ойшылының шығармашылық мұрасына деген үлкен қызығушылық бүкіл әлемде және Қазақстанда да толассыз артып келеді. Әл-Фарабидің өзінен кейінгі мәдениетке, Шығыс және Орталық Азия халықтары, соның ішінде дүйім түрткі жұрты мен қазақ халқының мәдениетінің дамуына ықпалы ұзақ және жан-жақты болды. Тарихи деректер Фарабидің қазақ халқының құрамына енген түркі тайпасының дәулеті ортасынан шыққандығын негіздейді. Әл-Фарабидің туған жері Отырар қаласы, онда қалыптасқан өркениет ортағасырлардағы тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет пен ғылым орталығы болды», – деп «Рухани ұстаз» атты мақаласында Фараби әлеміне өз пікірін білдіреді.

15 томдықты шығарылуын басқарған және құрастырған Роллан Сейсенбаев «Алла тәрбиелеген адам баласы» атты эссесінде: «Әл-Фараби бабамның ұлы еңбектері елінің есінде мәңгі сақталсын, әм ұрпақтан ұрпаққа қасиетті сөздері қазақ ұлтының өлмес белгісіндей санау да бекуге жазсын! Ал Тәңірім тәрбиелеген Адам ұлы Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұлағ әл Фараби ат-Түкрі мәңгі ғұлама! Сен соны жадыңнан шығарып алып жүрме, қазақ ұланы», – деп жазады.

–Әл-Фараби сияқты ірі тұлғаның пайда болу жағдайларын түсінуіміз

үшін, мәдениет феномендеріне дүниежүзілік тарихтың шеңберіндегі байланыс, сабақтастық тұрғысынан қарау–методологиялық алғышарт болып табылады. Міне, сондықтан да, сол дәуірдің түрлі халықтарының мәдени дәрежесін, олардың байланыстарын, әл-Фарабидің ұстаздары туралы және оның жолын ұстанғандар туралы нақтылы мәліметтерді зерттеу, зерттегенде тарихқа сүйене отырып зерттеу–рухани мәдениеттің, ғылымның және философияның тарихын түсіну үшін деректердің сарқылмас көзі болады, – деп жазады Фарабитануды алғаш зерттеген ғалымдар Бабоджан Гафуров пен Ағын Қасымжанов «Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары туралы» атты мақаласында. Сонымен қатар, Б. Кедров, Ш. Есенов, А. Қасымжановтың «Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары» атты мақаласы кітапта Фарабитануда үлкен ойға жетелейді.

Кітапта фарабитануда елеулі еңбек етіп келе жатқан отандық ғалымдардың пікірлер де орынды жазылған. Ең бастысы, әл-Фарабидің мұрасы қайта жаңғырып, жаңаланып, оқырманға қайта ұсынылып отыр. Кітаптың бір емес, бірнеше тілде қатар жариялануы, Фараби еңбектерімен жақынырақ танысуымызға мол мүмкіндік береді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
3-курс PhD докторанты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми мәжілісінде ҚР 2019 жылғы Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанған авторлық ұжым атынан география ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты Ахметқал Рахметоллаұлы Медеу география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттеріне 1 млн теңге көлемінде демеушілік шәкіртақылар табыстады.

ТАҢДАУЛЫ ЫНТАЛАНДЫРУ



Аталған шәкіртақы мен сертификаттарға «География» «Жерге орналастыру», «Кадастр» мамандықтары бойынша білім алып жатқан жеті студент – Жанель Алиева, Салтанат Тазабек, Гүлфат Жақсыбай, Андрей Яковенко, Шыңғыс Исман, Дана Атымтаева, Әсем Исах ие болды.

Ұсынылған демеушілік шәкіртақы студенттердің оқу үлгерімін жақсартуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыруға және қоғамның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал ететіні анық.

А.Р. Медеу басшылық жасайтын институт атынан бірнеше жылдар бұрын да география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының студенттеріне арнайы шәкіртақы ұсынған. Университет ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов өзара сыйластық пен білімді дәріптеу

жас ұрпаққа көрсетіліп отырған өнеге екендігін атап өтіп, ҚР БҒМ география институтының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, 2013 және 2019 жылдардағы ғылым және технологиялар саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ахметқал Медеу «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен марапаттады.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы марапаттау шарасына демеуші болған «География және су қауіпсіздігі институты» ұжымына зор алғысын білдіре отырып, тағайындалған шәкіртақы жастардың білімге деген құштарлығын арттырып, оқу жылы барысында түрлі қажеттіліктерін алуға септігін тигізеді деген сенімде.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы

Мұстафа Шоқайдың әл-Фараби туралы мақаласы табылды

XX ғасыр басындағы қазақ рухани элитасының мұрасын танып-білу, жастарға таныстыру бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі деп ойлаймыз. Біздің болашағымыз жастар бүкіл түркі әлемінің рухани мұраларын, сондай-ақ XX ғасыр басындағы Алаштың біртуар азаматтарының еңбектерін философиялық ойларын, ғылыми мұраларын білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда мақалада Алаштың біртуар азаматы Мұстафа Шоқайдың бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген мақаласы жөнінде сөз айтпақпыз.

(«сверхчеловек») салыстыра отырып, қатар қояды. Дүниежүзілік соғыс алдында, фашистік үгіт-насихат жағдайында бұндай ойлар мүдделі жақ тарапынан бірден қолдауға ие болып, вермахт идеясы үшін «жұмыс жасауы» мүмкін еді. Кәсіби заңгер (Санкт-Петербург университетінің түлегі), ақиқат үшін күресуші Мұстафа Шоқай жарияланған еңбекке өз ойын білдіріп, бірден мағыналық жағынан сәйкессіздік барын білдіреді. 1941 жылы жазылған оның жазбалары кейінірек «Түркістан» журналында орыс тілінде жарық көрді. Оның достары мен замандастары М.Шоқай қайтыс болғаннан кейін, отанын азат етуді арман тұтқан қазақ күрескерінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында «Түркістан» деген атпен 1949/1950 жылғы желтоқсан айындағы журналдың номеріне жариялайды.

Бұл басылым Мұстафа Шоқайдың түркілердің мәдени мұрасын жанын сала қорғағандығын, фашизм мен расизмнің қауіптілігін алдын - ала білгендігін дәлелдейді. Тарихтың тағлымы бойынша: үлкен әлемге жол ашатын шет тілдерін білу өз кезегінде жеке тұлғалық дамуға көмектеседі. Бұл аксиома Орталық Азиядан шыққан тамаша қайраткерлер әл-Фараби мен Мұстафа Шоқай өмірлері арқылы дәлелденді.

«Түркістан» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Түркістан» ұғымының географиялық және этносаяси мәні, әлемдік тарихтағы аймақтың орны түсіндіріледі. Ары қарай Шоқай осы аймақтың интеллектуалды тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар туралы былай дейді: «сунниттік-мұсылмандық түркілердің отаны әрі бесігі болып табылатын Түркістан, Ирандық шиизмнің ықпалын сіңіре отырып, жалпы мұсылмандық мәдениет пен ғылымға есімі әлемге әйгілі тұлғаларды тудырды. Солардың ішінен ең ірі және Еуропалық ғылыми ойдың дамуына ықпал еткен ірі тұлғаларды атап өтеміз».

Мұстафа Шоқайдың мақаласында

Мұхамед әл-Хорезми, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-Әли Ибн-Сина, Улығбек, Бурхан-ад-Дин Маргина, Мухаммед-ибн-Исмаил Бұхари, Бабыр Сұлтан есімдері аталады. Математика теориясының негізін қалаушылардың бірі болып табылатын әл-Хорезмиге берген ғылыми қысқаша сипаттамасында М.Шоқай кеңестік түрколог және ирантанушы Е.Э. Бертельстің еңбектеріне сілтеме жасайды.

Мұстафа Шоқай жақсы сарапшы болатын. Ол заманауи кітаптарды ыждақаттылықпен оқи білді. Осылайша ол, француз зерттеушісі-арабтанушы барон Карра де Во (Карра-де-Во, Бернар 1867 жылы туған француз шығыстанушысы, «Orient chrétien» негізін қалаушылардың бірі, Париж қаласындағы католик институтында араб тілінің профессоры болып қызмет атқарған) 1920 жылдары «Les Peaseursdel' Islam» («Ислам ойшылдары») деген атпен жарық көрген 5 томдық энциклопедиясымен танысқаннан соң біледі. Ондағы мұсылман ойшылдары туралы жинастырылған ақпараттармен танысып, ішінде әл-Фараби мен оның қайырымды қала трактаты туралы да мәліметтерді кездестіреді.

Жоғарыда аталып өткендей, XX ғасырдың екінші онжылдығы фашизм идеясының таралуымен ерекшеленді. Бұл қауіпті үдеріс ғылыми әлемге де әсер етпей қоймады. Ортағасырлық философтардың трактаттары мен Ницше көзқарастарын қатар қарастыра отырып, бұдан барон Карра де Во да қашып құтылмады.

Әл-Фараби ілімінің негізгі мәнімен жақсы таныс Мұстафа Шоқай батыл түрде түркі ойшылын қорғауға ұмтылды. Егер барон Карра де Во: «қоғамдағы зорлық-зомбылық пен күштің рөлі туралы ойлар өзгеше күйде Ницшенің кейінгі тұжырымдамаларына жақын келеді»,—деп жазса, Мұстафа Шоқай бұндай анықтамамен келіспейді. Шоқай ашық түрде: «күш пен зомбылыққа және олардың қоғамдағы рөліне деген қатынас әл-Фарабиде мүлде басқаша, неміс

мен теология негізінде нацизм идеясын негіздеу мақсатындағы тоқтаусыз ізденістер өз кезегінде ориенталистика ғылымын дамуға жетеледі.

Мұстафа Шоқай мен басқа түркістандықтардың түркілер мұрасын насихаттауға тигізген ықпалы әзірше толықтай өз деңгейінде дәлелденген жоқ. Алайда, М. Шоқайдың француз ғалымы Жозеф Кастаньемен бірге жазған эпистолярлық мұрасы қазақ интеллектуалының еуропалық әріптестерімен ақпараттық әріптестікте болғандығына дәлел бола алады.

Еуропада соғыс жағдайындағы кезеңде, герман және итальян фашизмінен нәр алған ақ арийлік ұлттардың басымдығын жақтайтын идеология өсіп шықты. Ницше тұжырымдамаларын ұлттық-социализм идеологтары әдейілеп көптеп насихаттай бастады. Мистицизмге деген қолдан жасалған қызығушылық жасалынды – осы жерде, Шығысты зерттеу (ориенталистика) мен шығыс философиясына бетбұрыс сипат алды. Еуропалық мәдениеттанушылардың ортағасырлық қолжазбаларға деген қызығушылығын осымен түсіндіреді: барон Карро христиандық ілім мен исламды қатар қарастырып, түркі философы әл-Фарабидің еңбектері оның назарын аударды.

Әл-Фараби ілімін насихаттауда Карронның сіңірген еңбегін мойындай отырып, Мұстафа Шоқай онымен пікір-таласқа түседі. Оның ойынша, әл-Фарабидің «қайырымды қала үлгісінің» мәнін қарастыру барысында теріс түсіндірулерге жол бермеу керектігін баса айтады. Шоқай сенімді түрде әл-Фарабидің Ницшенің «үстін адам», «үстін ұлт» секілді идеяларымен ортақ ештеңе жоқтығын негіздейді. Мұстафа Шоқай құқық қорғаушы рөлін атқаратынын мақтан тұтады. Шоқайдың әл-Фарабидегі Ницше идеяларын терістеуі, оның расизмді қабылдамағандығын, сондай-ақ, қосымша бұл дәлел, оның фашистік идеологияны жақтамағандығын көрсетеді. Бұл мақала 1941 жылы Гитлер мен партиясының мақсаттары анық болған кезде жазылғандығын еске саламыз.

Еуразияшылық, ізгілікті қоғам мен адамгершілік жетілудің шыңы болып табылатын «үстін адам», бірегейлік мәселелері М. Шоқай қызығушылық танытқан тақырыптар еді. Ол тек саясаткер, публицист қана емес, сонымен бірге ойшыл һәм идеолог болғандығын мойындауымыз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі таңда да әл-Фарабидің шығармалары ғалымдарды қызықтырады және шындықты іздеуде қайта оған оралуды қажет етеді. Тіпті бүгінгі күні, XXI ғасырда да бейбітсүйгіш түркілік ой-сана оны лайықты дәрежеде биіктікке қоя білуде.

Қорытындылай келсек, әл-Фарабидің ілімі аталатын М. Шоқайдың көпшілікке онша мәлім емес «Түркістан» (1941) мақаласы ғылыми айналымға жаңа деректер енгізді. XX ғасырдағы қазақ полиглоты Түркістан тарихын жетік біле отырып, Еуропаның белгілі ғалымдарымен тең дәрежеде философиялық категориялармен пікір таластыра алды.

Заманауи оқырманға ортағасырдағы ойшылдың теориялық тұжырымдамаларын талқыға салған қазақ саяси қайраткері мен француз мәдениеттанушылары, арабтанушылары арасындағы ой-талқыны білу бүгінгі күні де маңызды әрі қызықты болатындығы сөзсіз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия кафедрасының
профессоры, филос. ғ.д.,
фарабитанушы;

Гүлнар МҰҚАНОВА,
т.ғ.к., профессор

«Сән-салтанат қауымынан аулақта және олардың көзіне түспей мұсылмандардың аса ұлы ойшылдарының бірі әл-Фараби өмір сүрді. Оның медицина мен музыка жайлы еңбектері гibrат аларлық асқан үлгілер қатарына қосылады. Ал араб философиясында сіңірген зор еңбегі оның заңғар есімін мәңгілік етті».

Х.А. ГИББ, ағылшын арабисі

философияна қарама-қайшы келеді. Егер Ницше үшін ізгілік (добро) – жоғары таптың төмен тапқа билік жүргізуі, яғни, «үстін адамның» («сверхчеловек») қарапайым адамдардан жоғары тұруы болып табылса, Фараби үшін күш пен зомбылық «адам философиясындағы қатыгездік ауруы» және бұл туралы «Қайырымды қала» авторының жетілмеген қалалар туралы бөлімінде ерекше түрде көрсеткендігін айтады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында еуропалық философиялық дискурста түркі ғылымы мен оның жетістіктеріне деген ерекше қызығушылықтың болғандығын атап өтуіміз қажет. Мамандардың айтуынша, 1930-1932 жж. Парижде әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты шығармасының алғашқы бөлімін Эрланже француз тіліне аударды.

Осылайша, келесідей деректерді келтіруге болады. Түркі философиясының Ренессансы Еуразиялық кеңістікте өзіндік орынға ие болды. Отырардан шыққан ойшыл трактатындағы идеалды әлеуметтік-қала бейнесі еуропалық интеллектуалды қауымдастыққа жақын болғандығын, ондағы идеялардың нацистік фетиштерге қарсы тұрғандығы нақтыланды. Бір жағынан, Гитлердің бұйрығы бойынша шығыстық мистика





175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

The image of ISKANDER IN ABAI'S POETRY



**Both strength and courage had Iskander
But he was vain, a vain ambitious man.
Abai**

In the creative heritage of Abai there are poems "Iskander", "Masgut", "Azim". These poems have contributed a lot to the development of the lyric and epic genre in Kazakh literature. Outwardly, Abai's poems resemble the samples of poetry that is widespread in the East, in the spirit of the literary tradition – nazirs (development or continuation of the theme sung by predecessors). However, the ideological and artistic content of Abai's works goes beyond the scope of nazirs: here the great poet is independent of oriental patterns.

